

10 –дәріс. ҚР СТ 994-2012 Ақпарат, кітапханатану және баспа ісі жөніндегі стандарттар жүйесі.Басылым. Халықаралық стандартты кітап нөмірі- ISBN.Баспа жұмысында хаттау және қолданылуы

ISBN (Халықаралық стандартты кітап номері) - Орталық ISBN Агенттігі орталығы- Лондон. Кітаптарды өзіне тән ғана номермен тіркеп, нөмірлеу. Бұл системаны кітап жүйесіне енгізу осы ISBN Агенттігіне енген мемлекеттерде кітаптар туралы ақпаратты автоматтандырудың, электрондық жүйелермен ақпарат беруді іске асырудың бірден-бір жүйесі. 1965 жылы Ұлыбританияның үлкен кітап фирмасынан басталған жұмыс қазіргі уақытта 200 – ге тарта елді қамтыған. 1972 жылы Берлинде мүше-мемлекеттер бірігіп, Орталығын құрып, соған сәйкес Халықаралық стандарт ИСО 2108 «Кітаптарды халықаралық стандартты нөмірлеу» стандартының жобасы жасалған. Бұл орталыққа кірген мемлекеттер сол стандартқа сәйкес жұмыс істеп, орталық ISBN Агенттіктің методикалық нұсқауларын, ережелерін, жаңалықтарын басшылыққа алып жұмыс жүргізеді.

ISBN кітаптарды халықаралық стандартты номермен тіркеу жүйесі баспагерлер арасында кеңінен қолдану тауып, Қазақстанда жақсы жолға қойылған. Кітап палатасы Қазақстаннан шығатын әр кітапты ISBN номерімен тіркеу, штрих-код жасап беру мәселесін толығымен шешіп отыр. ISBN жүйесінің жұмысы жемісті болғаннан соң халықаралық деңгейде бұл жұмысты әрі қарай жетілдіру жұмысы тоқтаған жоқ. Соның нәтижесінде ISBN сандарын енді штрих-кодқа айналдыру мәселесі тұрды. Өткен ғасырдың 80-ші жылдарда басталған бұл жұмыста өз нәтижесін беріп, үлкен мемлекеттер өз тәжірибелерін енгізе бастады. ISBN Агенттігі Халықаралық тауарларды нөмірлеу орталығымен келісе отырып (Ассоциация товарной нумерации EAN) дүниежүзінде кітаптарды тауар ретінде 978 деген бірыңғай код алды. Әрі қарай кітаптардағы сандық кодпен бірігіп машина оқи алатын штрих-код жасалады. Ол әрине халықаралық деңгейдегі стандартқа сай, сол ережелеріне сәйкес келтіріледі. Әрине ISBN саласы болсын, штрих-код болсын біздің республикамызда да әлемдегідей өз нәтижесін беруде. Бұл жүйенің басты беретін нәтижесі кітап туралы ақпараттар электронды жүйелер арқылы таратыла алады, штрих-код арқылы кітапқа тапсырыс беру, оперативтік бақылаулар, таралымының қаншасының сатылғаны, финанстық істерді жеңілдету, көптеген қағазбен жүретін құжаттамаларда жеңілдету жүйесін іске асырады, кітапханаларда кітаптарды іздеу, тапсырыс беру жұмыстарын жеңілдетеді. Бұның бәрін санап келгенде экономиканың тиімді жақтарын көрсетеді.

Халықаралық стандартты нөмірлеуге мына басылымдар жатады:

- кітаптар мен кітапшалар;
- күні қойылған күнтізбелер;
- препринттер;
- көркем басылымды кітаптар мен журналдар, суреттерден бөлек мәтін болса, оның ішінде кітап немесе журнал түріндегі күнтізбелер, аудармалы күнтізбелер;
- картографиялық басылымдар (атластар және карталар);
- аудиокітаптар;
- біріктірілген басылымдар;
- мәтіні бар комплект басылымдар;
- нормативті өндірістік-практикалық басылымдар, стандарттар;
- оқулық, өндірістік-практикалық видеобасылымдар;
- локалды және желілерге арналған мәтіндік электронды басылымдар, оның ішіне Интернет басылымдары да кіреді;
- басылымдардың электронды баламалары;
- оқулық, өндірістік-практикалық бағдарламалық өнімдер;
- микропішімді басылымдар;
- Брайл қаріпімен берілген басылымдар.

Халықаралық стандартты нөмірлеуге жатпайтын басылымдар:

- мәтіні жоқ кітап немесе журнал түріндегі көркем басылымдар;

- мәтіні жоқ комплект басылымдар;
- парақ түрдегі көркем басылымдар;
- уақытша қолдануға арналған басылымдар, оның ішінде жарнамалық, мәжіліс бағдарламалары, күнтізбелік жоспарлар;
- табиғат пен қоршаған ортаның дыбыстары жазылған аудио-басылымдар;
- оқулық, өндірістік-практикалық болып табылмайтын бағдарламалық өнімдер;
- диссертация авторефераттары;
- патенттер;
- ойындар;
- электронды хаттар;
- басылым болып саналмайтын баспа өнімдері (бланкілер, толтыруға арналған құжаттар т. с. с.);
- мекеме қызметкерлері арасында таратуға арналған мекемелердің таралымдалған қызметтік құжаттары;
- оқу орны оқушыларына таратуға арналған оқу жоспарлары және бағдарламалары.

Сериялық басылымдарға халықаралық стандартты сериялық (ISSN) нөмірі ГОСТ 7.56 бойынша беріледі. Ноталық басылымдарға халықаралық стандартты (ISSN) нөмірі, музыкалық аудиобасылымдарға халықаралық стандартты (ISMN) нөмірі беріледі.

ISBN мына басылымдарға берілуі тиіс:

- халықаралық стандартты нөмірлеуге жататын кітаптардың әрбір жаңа басылымына;
- әрбір қайта басылған немесе жаңа шығарылған басылымға;
- факсимильді, репринтті басылымға;
- бір құжаттың әртүрлі түрде сақталған, әртүрлі жолмен машина арқылы оқылатын басылымдарына;
- бір құжаттың әртүрлі тілде шығарылған басылымдарына;
- бір құжаттың әртүрлі полиграфиялық жолмен шығарылған басылымдарына;
- аударма басылымға;
- тұтас көп томды басылымға;
- көп томды басылымның жеке томдарына (шығарылымына);
- құрамалы (комбинациялы) біріктірілген тұтас басылымға;
- құрамалы (комбинациялы) біріктірілген басылым құрамына кіретін жеке басылымдарға;
- тұтас жинақтама (комплект) басылымға;
- тұтас жинақтама (комплект) басылымының құрамына кіретін жеке басылымдарға.

Бір басылымның бір күнтізбелік жыл ішінде шығарылған, басқаша полиграфиялық өзгерістер, толықтырулар болмаған жағдайда, жаңа ISBN берілмейді.

ISBN системасы түсінікті болу үшін ондағы 10 сан нені көрсетеді: ISBN 9965-06-169-6. Бірінші ISBN аббревиатурасынан кейін тұратын сан «9965» – бұл мүше елдің идентификаторы. Екінші сан «06» – баспа идентификаторы. Үшінші сан «169» – бұл кітаптың реттік идентификаторы. Төртінші сан – бақылау саны, яғни кітапта ISBN дұрыс жазылып тұр ма жоқ па соны тексеру. Жалпы, сонда «ISBN 9965-06-169-6» деген санның беретін ақпараты: Әкім Таразидың «Қиянат» романы Қазақстанда шыққан, шығарған баспа «Елорда» баспасы. Соңғы сан жоғарыда айтқандай тексеру саны. ISBN Агенттігіне енген мүше елдердің қайсысында болса да бұл сандар арқылы кітап туралы ақпарат осы 10 саны арқылы ала алады. Әрине, сонымен бірге осы 10 саны арқылы бұл мемлекеттің шығаратын кітап өнімдерінің көлемі, одан соң баспаның шығаратын өнімінің көлемі туралы да мәлімет

ала алады. Егер санында бірінші саны «ISBN 5» болса, яғни бір таңбалы ол мемлекеттің шығаратын баспа өнімі көп, егер «ISBN 03» яғни екі таңбалы болса, одан да аздау, «ISBN 645» болса яғни үш таңбалы болса тіптен аздау, егер «ISBN 9965» болса одан да аздау екенін көрсетеді. Бұл кодтарды республиканың шығаратын баспа өніміне байланысты халықаралық орталық тағайындайды. Мысалға, Қазақстан «9965» төрт таңбалы код тұр, біз бұрынғы Одаққа кірген республикаларда Россия «5», бір таңбалы, Украина «966» үш таңбалы, Белоруссияда «985» үш таңбалы мемлекеттерден кейін тұрамыз. Бұл халықаралық код біздің берген мәліметтерге байланысты (яғни шығатын кітап өнімдері көп болса) өзгеріп отыруы да мүмкін. Сол сияқты «ISBN 9965-06» екінші саны да баспа өнімін көрсетіп тұр, ол «ISBN 9965-06-000-0» немесе «ISBN 9965-400-00-0» болып тұрса, екінші саны баспа коды болғандықтан оның екі таңбалы код, үш таңбалы код, төрт таңбалы код берілуіне байланысты баспа өнімінің жиынтығын көрсетіп тұр. Сіз «ISBN 9965-06-000-0» санынан «06» — баспа (екі таңбалы «Елорда» баспасы) жылына шығаратын кітап өнімі көп баспалардың қатарында екенін көрсетеді.

ISBN нөмерін сызықпен түрлендіреді. ISBN нөмері әріп-сан түрінде графикалық сызықтардың үстінде (штрих-код) беріледі.

Көп томдық басылымдардың сызықты түрленімі дәл сол басылымында ғана беріледі.

Бір басылымды бірнеше баспагерлер бірігіп шығарғанда ISBN нөмерінің сызықты түрленімінің біреуі ғана қойылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының құрамына енетін Ұлттық **ISBN Агенттігінің жауапкершілігі.**

Қазақстан баспагерлерін ISBN нөмерімен толық қамтамасыз ете отырып, ISBN нөмерін пайдалануда және қолдануда методикалық көмек көрсетеді.

Қазақстан Республикасының баспагерлері туралы тіркеу-анықтама базасын жүргізуде. Қазақстандық басылымдардың ISBN нөмерін дұрыс пайдалануын қадағалайды. Орталық ISBN Агенттігіне Қазақстан баспагерлері туралы хабарлап отырады.

Сонымен бірге **баспагерлердің жауапкершілігі:**

- Қазақстан Ұлттық ISBN Агенттігінің ғана берген ISBN нөмерін пайдалануға;
- әрбір баспа өніміне ISBN нөмерін стандартқа сай қойып отыруға;
- басқа баспаның ISBN нөмерін рұхсатсыз пайдаланбауға;
- Қазақстан Ұлттық ISBN Агенттігінің берген ISBN нөмерін рұхсатсыз басқа

баспаға беруге рұхсат етілмейді.

Әдебиеттер тізмі

1. Мұқатаева Қ. Баспа ісіндегі стандарттар : оқу құралы – Алматы : Қазақ университеті, 2012- 210 б.

2. Майлықұтова М.Ж. Баспа басылымдарының стандарттары: оқу құралы. - Алматы : Қазақ университеті, 2012.

Интернет:

1. Lib.kazsu.kz./Books/bk023/

2. [Http://www.newsland.ru](http://www.newsland.ru)

3. www.kazakhstanlive.ru

4. <http://www.bookchamber.ru/standards.htm>